



ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК ЖАҢҒЫРАДЫ



ӨНІРДЕ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРТЕТІН ЕРЕКШЕ БАСТАМА – ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАМАСЫ ЖОҚ БІРЕГЕЙ ҚОЛӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛМАҚ. БҰЛ ЖОБА – ТЕК ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ ЕМЕС, ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН ЖЕТКЕН ДАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ БҮГІНГІ ЗАМАНМЕН ТОҒЫСҚАН ЖАҢА ТЫНЫСЫ, ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТЫП, ОНЫ ЖАҢА БУЫНҒА ЖЕТКІЗЕТІН РУХАНИ ӨРІ МӘДЕНИ КӨПІР БОЛМАҚ.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай «Тәрбия» ұлттық киім брендінің негізін қалаушы Тәрбия Айдымбаевамен кездесіп, дәстүрлі өнерді жаңғырту мен оны заманға сай форматта дамыту мәселелерін кеңінен талқылады. Кездесуде ұлттық мұраны сақтау ғана емес, оны жаңа экономикалық әрі мәдени кеңістікке айналдыру идеясы айтылды.

Облыс әкімі ұлттық бірегейлікті сақтау – рухани міндет қана емес, өндіріс тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын стратегиялық бағыт екенін атап өтті. Оның айтуынша, қолөнер-өткеннің ізі ғана емес, болашаққа бастайтын құндылық.

– Бүгінде дәстүрлі қолөнер – мәдени мұра ретінде емес, экономиканың тірі саласына айналуы тиіс. Біз ұлттық өнерді дамыта отырып, жаңа жұмыс орындарын ашатын, туризмді жандандыратын және Маңғыстаудың дара брендин қалыптастыратын тұтас жүйе құрып жатырмыз, – деді Нұрдаулет Қилыбай.

Жоба аясында Маңғыстау жерінде алғашқы кілем тоқу орталығы ашылады деп жоспарланып отыр. Қазіргі таңда оның іргесі қаланып, өндіріс 20-ға жуық тұрғыны арнайы оқытудан өтіп, жаңа кәсіптің қыр-сырын меңгеруде.

Орталықтың ерекшелігі – оның екіжақты миссиясында. Бір жағынан, ол өндіріс пен кәсіптің ордасына айналса, екінші жағынан, білім мен тәжірибе тоғысқан рухани мектеп болмақ. Орталықта ұршық иіру, жүн өңдеу, киіз басу сынды көнеден келе жатқан қолөнер түрлері үйретіліп, ұлттық өнердің жаңа буын шеберлері қалыптасады.

Бұл бастама сонымен қатар өңір туризмінің де жаңа тынысын ашпақ. Маңғыстауға келген қонақтар тек дайын бұйымды көріп қана қоймай, оның жасалу үдерісіне куә болып, қазақ халқының терең тамырлы мәдениетіне жақын бойлай алады.



«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

600 ТЕҢІЗ ТАРЛАНЫ БОРЫШЫН ӨТЕДІ



«БАТЫС» ӨНІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАҒАН САРБАЗДАРДЫ ЗАПАСҚА ШЫҒАРУ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАЛАР ӨТІП ЖАТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Ақтауда мерзімді қызметін аяқтаған теңіз жаяу әскерлерінің бригадасында 600-ден астам әскери қызметші Жауынгерлік тумен қоштасты. Оның бір бөлігі келісімшарт бойынша қызметін ары қарай жалғастырмақ. Сарбаздар бір жыл ішінде әскери мамандықты меңгеріп қана қоймай, азаматтық салада да қажет болатын практикалық дағдыларға ие болғанын баса айту керек.

Бригада командирі, подполковник Азамат Сүлейменовтің айтуынша, қызмет барысында сарбаздар әскери мамандықты игеріп, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындықта тұрақты нәтижелер көрсетті. Сондай-ақ «Айбалта – 2025» жедел-стратегиялық, командалық-штабтық оқу-жаттығулары кезінде жоғары дайындық деңгейін дәлелдеді.

Гвардия кіші сержанты Әділет Балықбаев бригаданың қызмет өміріндегі маңызды кезең болғанын айтады.

– Мұнда біз жауапкершілікке, ата-ананы сыйлап, достықты бағалауға үйрендік. Қызмет барысында бізді оқытып, бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсеткен командирлерге алғыс айтамын, – деді ол. Басшылық үздік көзге түскен теңіз жаяу әскерлерін грамоталармен, естелік сыйлықтармен және ата-аналарын Алғыс хаттармен марапаттады. Бірқатар әскери қызметшілерге кезекті әскери атақтар берілді. Сонымен қатар 15 әскери қызметші Қарулы күштерде келісімшарт бойынша қызметін жалғастыруға шешім қабылдады.

Ақтау гарнизонында биыл сәуір-маусым айлары аралығында шамамен 1 000 адам запасқа шығарылады. Олардың басым бөлігі қызмет барысында алған тәжірибесі мен бастапқы кәсіби дағдыларының арқасында жаңа еңбек жолын бастайды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

НӨСЕР ЖАҢБЫР ӘБІГЕРГЕ САЛДЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА 14 СӘУІР КҮНІ ЖАҒАН НӨСЕР ЖАҢБЫР БІРҚАТАР ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ СУ БАСУ ҚАУПІН ТУДЫРЫП, ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫ КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМГЕ КӨШУГЕ МӘЖБҮР ЕТТІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ МЕН ОҒАН ҚАРАСТЫ АУЫЛДАРДА, СОНДАЙ-АҚ МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ ҚАРАҚИЯ АУДАНАРЫНДА СУ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ЖҮРІП ЖАТЫР.



Су тасқынының салдары қала аумағымен қоса Рахат, Тенге, Қызылсай, Кендірлі ауылдарында да тіркелді. Қазіргі таңда бұл аумақтарда мотопомпалар мен арнайы техникалардың көмегімен су сору жұмыстары үздіксіз жалғасып жатыр.

Маңғыстау ауданына қарасты Ақшымырау ауылында да нөсер салдарынан тұрғын үйлердің ауласында су жиналып, бірқатар мал қораларға зақым келген. Алайда тұрғын үйлерге су кірмеген. Жер бедерінің ерекшелігіне байланысты табиғи ағынның тежелуі жағдайды күрделендіріп отыр. Бұл ауылда Қаламқас кен орнынан және көршілес елді мекендерден

арнайы техникалар мен мотопомпалар тартылып, су шығару жұмыстары жасалуда.

Шетпе ауылында да су жиналған учаскелерді тазарту және су өткізу жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ал Қарақия ауданында Бостан, Құрық, Құланды, Сенек, Жетібай және Мұнайшы ауылдарында арнайы техникалар жұмылдырылып, вакуумдық машиналар мен мотопомпалар арқылы су сору жұмыстары атқарылууда. Аудан әкімдігі жағдайды толық бақылауға алған.

Төтенше жағдайға қарсы шаралар техникалық деңгейде ғана емес, ұйымдастырушылық тұрғыда да күшейтілді. Аудан және қала әкімдері, жауапты сала басшылары оқиға орындарында жүріп, ахуалды жеке бақылауларына алған.

Сонымен қатар ауа райының қолайсыздығына байланысты білім беру ұйымдарында да уақытша өзгерістер енгізілді. Жаңаөзен қаласы мен бірқатар ауылдық елді мекендерде мектеп оқушылары бір күнге қашықтықтан оқыту форматына көшірілді. Бұл шешім балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қазіргі таңда өңірде жағдай біртіндеп тұрақтануда. Дегенмен кейбір қауіпті аймақтарда су сору және алдын алу жұмыстары әлі де жалғасып



жатыр. Мамандардың айтуынша, негізгі мақсат – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ықтимал қауіптің алдын алу.

Оқиғаға қатысты барлық күштер мен құралдар толық жұмылдырылған. Арнайы техникалар, мотопомпалар мен әскери бөлімдер тәулік бойы жұмыс істеуде. Жауапты органдар жағдай толық тұрақтанғанға дейін күшейтілген режимде жұмысын жалғастырмақ.

Маңғыстау өңірінде табиғаттың тосын мінезі тағы да инфрақұрылымның дайындығы мен жедел әрекет ету жүйесінің маңызын көрсетті. Қазіргі басты міндет – салдарды жедел жою ғана емес, болашақта мұндай жағдайлардың алдын алуға бағытталған жүйелі шараларды күшейту.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ